

Жаманова Гулжаз Елубаевна – магистр педагогических наук, учитель средней школы №144 имени С.Альжикова, Республика Казахстан, 120000 г. Кызылорда, Кызылжарма, 9-улица, здание 32, тел.: 87757082150, e-mail: z.gulzhaz@gmail.com.

XFTAP 14.15.01

ӨОЖ 371.2

<https://doi.org/10.52269/KGTD2532107>

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ КАДРЛАР ДАЯРЛАУ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ НАРЫҒЫН ТАЛДАУ

Егенисова А.Қ.* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы.

Жарылгасова П.Е. – магистр, Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы.

Шарипова А.Б. – докторант, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы.

Карленов Д. – магистр, Дене тәрбиесі және спорт кафедрасының оқытушысы, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада Маңғыстау облысында ағымдағы кезеңге кадрлар даярлау бойынша білім беру қызметтері нарығын талдау мәселелері қарастырылады. Қазақстанның батысында орналасқан Маңғыстау облысы әлеуметтік-экономикалық даму тұрғысынан елдің негізгі өңірлерінің бірі болып табылады. Демек, аймақтың әлеуметтік-экономикалық және білім беру саласының жай күйін талдау, білім алушыларды жаһандық бәсекеге қабілеттілігін ашу, ерте жастан бастап кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу, аймақтағы білім беру ұйымдарының кадрлармен қамтамасыз етілу жағдайы, оларды қайта даярлау бағдарламаларының іскі асырылуы, өлкеміздің білім беру жүйесінің қазіргі заманғы ұлттық және халықаралық талаптарға жауап беретін, жоғары зияткерлік және жалпы мәдени дәрежелері бар бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау проблемалары қарастырылады. Сонымен қатар, бүгінгі таңда Skills Technology Foresight әдісі негізінде Маңғыстау облысының жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласын әзірлеу өзекті болып отырғандығы, бұл мақаладағы зерттеулер мен талдаулар осы жаңа атласты дайындаудың бастамасы болып табылады және қазіргі әлемдегі технологиялық және цифрлық трансформация еңбек нарығының құрылымын түбегейлі өзгертіп, жаңа мамандықтардың пайда болуына және дәстүрлі кәсіптердің трансформациясына алып келетіндігін байқатты. Осыған орай, еңбек нарығында жаңа талаптардың пайда болуы қазіргі заманғы жұмыс берушілер қызметкерлерден тек кәсіби дағдыларды ғана емес, сондай-ақ цифрлық сауаттылық, проблемаларды шешу қабілеті, креативтілік және бейімделгіштік сияқты құзыреттерді талап ететіндігі белгілі. Осы туындаған мәселерді зерттеп, зерделеу үшін қолданылған форсайт әдістеріне және форсайтта қолданылатын әдістер жиынтығы: сапалық, сандық, синтетикалық әдістер т.б. түрлеріне сипаттама беріледі.

Түйінді сөздер: Маңғыстау аймағы, атлас, кадр, кәсіп, форсайт, әдіс, зерттеу.

АНАЛИЗ РЫНКА ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УСЛУГ ПО ПОДГОТОВКЕ КАДРОВ НА ТЕКУЩИЙ ПЕРИОД В МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Егенисова А.К.* – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, г. Актау, Республика Казахстан.

Жарылгасова П.Е. – магистр, старший преподаватель кафедры педагогики, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, г. Актау, Республика Казахстан.

Шарипова А.Б. – докторант, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, г. Актау, Республика Казахстан.

Карленов Д. – магистр, преподаватель кафедры физической культуры и спорта, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, г. Актау, Республика Казахстан.

В данной статье рассматриваются вопросы анализа рынка образовательных услуг по подготовке кадров на текущий период в Мангистауской области. Мангистауская область, расположенная на западе Казахстана, является одним из основных регионов страны с точки зрения социально-экономического развития. Таким образом, анализ состояния социально-экономической и

образовательной сферы региона, раскрытие глобальной конкурентоспособности обучающихся, проведение профориентационной работы с раннего возраста, состояние кадровой обеспеченности организаций образования региона, реализация программ их переподготовки, высокий уровень образования, отвечающий современным национальным и международным требованиям системы образования нашего края рассматриваются в качестве проблем подготовки конкурентоспособных специалистов с интеллектуальными и общекультурными степенями. Вместе с тем, на сегодняшний день актуальной становится разработка Атласа новых специальностей и компетенций Мангистауской области на основе метода *Skills Technology Foresight*. Исследования и анализы в этой статье являются началом подготовки этого нового атласа и свидетельствуют о том, что технологическая и цифровая трансформация в современном мире кардинально меняет структуру рынка труда, ведет к появлению новых специальностей и трансформации традиционных профессий. В связи с этим известно, что появляются новые требования на рынке труда от современных работодателей, заключающиеся во владении не только профессиональными навыками, но и такими компетенциями, как цифровая грамотность, способность решать проблемы, креативность и адаптивность. Дается характеристика форсайт-методов, применяемых для изучения этих возникающих проблем, и типов применяемых в форсайте методов: качественных, количественных, синтетических и др.

Ключевые слова: Мангистауская область, атлас, кадр, профессия, форсайт, метод, исследование.

ANALYSIS OF THE MARKET OF EDUCATIONAL SERVICES FOR PERSONNEL TRAINING IN THE CURRENT PERIOD IN THE MANGYSTAU REGION

*Yegenissova A.K. * – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of pedagogy, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Republic of Kazakhstan.*

Zharylgassova. P.Y. – Master, Senior Lecturer of the Department of pedagogy, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Republic of Kazakhstan.

Sharipova A.B. – PhD, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Republic of Kazakhstan.

Karlenov D. – Master, Lecturer of the Department of physical education and sport, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Republic of Kazakhstan.

This article discusses the analysis of the educational services market for personnel training for the current period in Mangystau region. Mangystau region, located in the west of Kazakhstan, is one of the main regions of the country in terms of socio-economic development. Thus, the analysis covers the socio-economic and educational development of the region, the global competitiveness of students, early career guidance, the staffing of educational institutions and their retraining programs, as well as the overall quality of education in line with national and international standards. Particular attention is given to the challenges of training competitive specialists with strong intellectual and cultural competencies. At the same time, the development of an Atlas of new specialties and competencies in the Mangystau region based on the Skills Technology Foresight method is becoming relevant today. The research and analysis in this article are the beginning of the preparation of this new atlas and indicate that technological and digital transformation in the modern world is radically changing the structure of the labor market, leading to the emergence of new specialties. and the transformation of traditional professions. In this context, it is widely recognized that the evolving labor market demands from employees not only professional expertise, but also competencies such as digital literacy, problem-solving skills, creativity, and adaptability. The article outlines the foresight methods applied to examine these emerging challenges, including qualitative, quantitative, and synthetic approaches, etc.

Key words: Mangystau region, atlas, staffing, profession, foresight, method, research.

Қысқашы. Қазақстан қазіргі жағдайда жаһандық экономикалық ортаға байланысты бірқатар міндеттерге тап болып отыр. Әлемдік экономика жаңа технологиялық құрылымға көшуде, соның нәтижесінде елдің экономикалық жүйесінің барлық құрамдас бөліктеріне жаңа талаптар туындауда. Сондықтан еліміздің әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін жаңа экономикалық құрылымның даму бағыттарын дұрыс анықтап, кадр даярлаудың барабар тетіктерін табу міндеті тұр.

Қазақстанның батысында орналасқан Маңғыстау облысы әлеуметтік-экономикалық даму тұрғысынан елдің негізгі өңірлерінің бірі болып табылады. Соңғы жылдары Маңғыстау облысында өңірдің дамуына елеулі әсер еткен бірнеше негізгі оқиғалар мен өзгерістер болды.

Маңғыстау облысының білім беру жүйесі оң үрдістерді көрсетіп, елеулі әлеуетке ие болғанымен, қазіргі уақытта мамандардың саны мен сапасы бойынша өңірдің кадрлық қажеттіліктерін толық қанағаттандырмайды. Бұған қол жеткізу үшін білім беру мекемелері, мемлекеттік органдар мен бизнес арасындағы белсенді өзара іс-қимылды жалғастыру, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын жаңғыртуға және мамандар үшін әлеуметтік жағдайларды жақсартуға инвестициялау қажет деп ойлаймыз.

Қазіргі қоғам ақпараттың тез ескіруімен сипатталады, соның нәтижесінде арнайы кәсіби білімнің құнсыздануы байқалуда. Технологиялық дамыған салаларда қолданбалы және көптеген жолдармен негізгі кәсіптік білімді жаңартуға қажетті орташа уақыт 3-5 жылды құрайды, бұл уақыт ішінде қызметкердің арнайы білімінің үштен біріне дейін құнсызданады [1,20076.].

Студенттің 1-курста алған білімі жоғары оқу орнын бітіргенше шамамен 50% ескіреді. Сонымен қатар, соңғы онжылдықта қоғам орасан зор парадокспен бетпе-бет келді – білім мен кәсіптік даярлық алатын адамдар санының артуы кәсіби қабілетсіздіктің өсуімен (ғылыми-техникалық революция талаптарына сәйкес келмеу ретінде) қатар жүрді [2, 1516.].

Осы өзгерістерге сәйкес келу және аймақтың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласын жасау өте маңызды. Маңғыстау облысының жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласын жасақтау – аймақтың болашақ еңбек нарығын қалыптастыруға бағытталған стратегиялық қадам. Бұл өңір экономикасын әртараптандыруға, халықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді [3,316.].

Сондықтан да бұл зерттеу еңбек нарығының болашақ талаптарын анықтауға, Маңғыстау облысында ағымдағы кезеңге кадрлар даярлау бойынша білім беру қызметтері нарығын талдауға бағытталған. Аймақта білім беру ісінің тұрақты дамуы үшін, білім беру қызметтерінің жай күйін Skills Technology Foresight әдісі арқылы зерделеу, зерттеу жұмысының өзектілігін құрайды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:

– аймақтың әлеуметтік-экономикалық және білім беру саласының жай күйін талдау, білім алушылардың эмоционалдық, рухани, физикалық; өмір бойы оқыту дағдыларын игеру; функционалдық сауаттылықты дамыту; оқушының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін ашу; тұлғалық тәрбие және тұлғаға деген көзқарас; ерте жастан бастап кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізілуі;

– Маңғыстау облысының 2030 жылға дейінгі білім беруді дамыту стратегиясы әзірленуі мен аймақтағы білім беру ұйымдарының кадрлармен қамтамасыз етілу жағдайы, оларды қайта даярлау бағдарламаларының іскі асырылуы;

– өлкеміздің білім беру жүйесінің қазіргі заманғы ұлттық және халықаралық талаптарға жауап беретін, жоғары зияткерлік және жалпы мәдени дәрежелері бар бәсекеге қабілетті өңірлік білім беру жүйесін дамыту болып табылады.

Бүгінгі таңда Skills Technology Foresight әдісі негізінде Маңғыстау облысының жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласын әзірлеу өзекті болып табылады. Технологиялық және цифрлық трансформацияның ықпалы күшеюде. Қазіргі әлемдегі технологиялық және цифрлық трансформация еңбек нарығының құрылымын түбегейлі өзгертіп, жаңа мамандықтардың пайда болуына және дәстүрлі кәсіптердің трансформациясына алып келуде. Еңбек нарығында жаңа талаптардың пайда болуы қазіргі заманғы жұмыс берушілер қызметкерлерден тек кәсіби дағдыларды ғана емес, сондай-ақ цифрлық сауаттылық, проблемаларды шешу қабілеті, креативтілік және бейімделгіштік сияқты құзыреттерді талап етеді. Маңғыстау облысында білім беру жүйесі мен кадрларды дайындау бағдарламаларының еңбек нарығындағы жаңа талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету де маңызды [3,396.].

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында экономиканы инновациялық және цифрлық жолмен әртараптандыру міндеті қойылған. Осы мақсатқа жету үшін аймақтық деңгейде жаңа мамандықтар мен құзыреттерді қалыптастыру қажет. Skills Technology Foresight әдісі осы міндеттерді шешуде ғылыми негізделген болжамдар мен нақты ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің ғылыми-техникалық және инновациялық стратегиясын әзірлеуде форсайт (Foresight) әдісі арқылы ғылыми-техникалық дамудың басымдықтарын анықтаудың жаңа тәжірибесі ерекше орын алады [4,146.].

Форсайт технологиясы (ағылш. «Foresight» – болашаққа көзқарас, алдын ала көру) ұзақ мерзімді болжау үшін кеңінен қолданылады және келісілген, салмақты болашақ бейнесін құру әдісі болып табылады. Форсайтты сипаттағанда көбінесе американдық профессор Бен Мартиннің анықтамасы қолданылады, ол оны «ғылымның, технологияның, экономиканың және қоғамның ұзақ мерзімді перспективаларын бағалауға бағытталған жүйелі талпыныстар, стратегиялық зерттеу бағыттары мен ең үлкен әлеуметтік-экономикалық пайда әкелетін жаңа технологияларды анықтау» деп қарастырады [5,16.].

Онда форсайттың табиғаты зерттеулердің ең маңызды бағыттарын және қоғам үшін аса маңызды технологиялар пайда болуы мүмкін салаларды болжаудың ерекше формасы ретінде қарастырылатыны атап өтіледі. Бұл технологиялардың маңыздылығы олардың шешетін мәселелерінің ауқымы мен маңыздылығына байланысты анықталады.

Сонымен қатар, форсайттың өзара толықтыратын, кейде бір-біріне қайшы келетін көптеген анықтамалары бар. Форсайт – болашақты ой елегінен өткізуге, талқылауға және айқындауға бағытталған әрекеттер жиынтығы. Технологияларды болжау, бағалау, болашақты зерттеу және форсайттың басқа да түрлері – ұзақ мерзімді трендтерді анықтап, солар негізінде шешім қабылдауды үйлестіруге талпыныс [6, 76.]. Форсайт – қабылданатын шешімдердің сапасын арттыру мен бірлескен әрекеттерді жеделдетуге бағытталған жүйелі, ортақ болашақ көрінісін қалыптастыру процесі [3].

Жылдам форсайт – болашақ әлеуетті әзірлемелерді анықтау үшін стратегиялық жоспарлау мен сценарийді талдау элементтерін біріктіретін алға ойлау тәсілі. Бұл әсіресе өзгеріс тез және күтпеген

динамикалық орталарда пайдалы. Білім беру жағдайында болжау әдісі институттарға білім беру қажеттіліктерінің, технологиялық жетістіктердің және қоғамдық тенденциялардың ауысуын болжауға мүмкіндік береді, бұл оларға өз бағдарламалары мен стратегияларын сәйкесінше бейімдеуге мүмкіндік береді [7]. Форсайт әдістері стратегиялық жоспарлаудың құрылымдық тәсілін қамтамасыз етеді. Осы әдістерді қолдану арқылы жоғары оқу орындары өз мақсаттарын дамып келе жатқан тұрақтылық тенденцияларымен жақсырақ сәйкестендіре алады, бұл олардың стратегияларының реактивті емес, белсенді болуын қамтамасыз етеді :[8]

Материалдар мен әдістер. Форсайтта қолданылатын тәсілдер жиынтығы үнемі кеңейіп, ондаған әртүрлі әдістерді қамтиды:[9,11 б.]

– Сапалық әдістер – сұхбат, морфологиялық талдау, әдеби шолу, «мақсаттар ағашы» әдісі, сценарийлік әдіс, рөлдік ойындар және т.б.;

– Сандық әдістер – экстраполяция әдісі, индикаторларды талдау және болжау, модельдеу және т.б.;

– Синтетикалық әдістер – жол картасын әзірлеу, Дельфи әдісі, сыни технологиялар, ойын модельдеуі, патенттік талдау және т.б. [8,856].

Форсайтты сәтті қолданудың басты шарты – тартылған сарапшылардың тиімді жұмысын қамтамасыз ететін әдістерді пайдалану. Кез келген форсайт бағдарламасы қолданылатын әдістердің комбинациясын және ақпарат көздерін анықтауды талап етеді. Сондықтан ең тиімді әдістер тобын таңдау – әрдайым өзекті мәселе.

1. *Сарапшылар панелі әдісі* – форсайт жобаларында кеңінен қолданылатын негізгі тәсілдердің бірі. Бұл әдіс аясында 12-20 сарапшыдан тұратын топ бірнеше ай бойы белгілі бір тақырып бойынша болашақтың ықтимал нұсқаларын талқылайды. Олар жаңа аналитикалық және ақпараттық материалдарды, сондай-ақ жаңа әзірлемелерді пайдалана отырып, стратегиялық болжамдар жасайды.

Бұл әдіс форсайт процестеріне жүздеген адамды тартуға мүмкіндік береді және барлық кезеңдерде сарапшылардың қатысуын қамтамасыз етеді [8,856].

2. *Сценарийлік жоспарлау әдісі* (Scenario Planning Method)

Сценарийлер әдісі – болашақтың әртүрлі даму бағыттарын болжау үшін ең кең таралған құралдардың бірі. Маңыздысы: Бұл әдіс болашақты болжауға емес, ықтимал дағдарыстарға дайындалуға арналған. Ол даму сценарийлерін жасау арқылы белгісіздік жағдайында шешім қабылдауға көмектеседі.

Жол картасы (Roadmap). *Жол картасы* – белгілі бір өнімнің, технологияның, бизнестің немесе саланың даму сценарийін кезең-кезеңімен бейнелеу әдісі.

Осылайша, бірнеше әдісті ғана талдау олардың қолданылуындағы кең артықшылықтар мен кемшіліктер ауқымын айқындауға мүмкіндік берді. Бұл Форсайт-зерттеулерді жүргізу әдістерін таңдаудың және оларды үйлестірудің әлі де ұзақ уақыт бойы осы болжамдау технологиясын зерттеудегі негізгі мәселелердің бірі болып қалатынын растайды. Технологиялар саласындағы форсайт – еліміздің болашақ экономикасының кадрларға деген қажеттілігін анықтаудың тамаша тәсілі. Бұл еліміздің дамыған елдер тобында қалуына мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған әдістерді қолдана отырып Маңғыстау облысында ағымдағы кезеңге кадрлар даярлау бойынша білім беру қызметтерінің нарығына талдаулар жасалды.

Бүгінде, Маңғыстау облысында 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» ұлттық жобасы, ҚР білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде жергілікті атқарушы органдар орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп оқушыларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, білім беру сапасын диагностикалау, сапаны бағалаудың жаңа рейтингтік формулаларын енгізу арқылы жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, сауатты ұрпақты тәрбиелеу мақсатында бірнеше жоба енгізілді. Бұл жобалар білім беру сапасын дамыту аясында атқарылған жұмыстардың бір бөлігі болып табылады. Жобалар арқылы білім беру ұйымдарының жұмысы жаңа бағытта өзгеретіні байқалады, бұл сапаның жақсаруына әсер етеді [9,4-56].

Аймақтық білім беру жүйесінің миссиясы қазіргі заманғы ұлттық және халықаралық талаптарға жауап беретін, жоғары зияткерлік және жалпы мәдени дәрежелері бар бәсекеге қабілетті өңірлік білім беру жүйесін дамыту болып табылады.

Маңғыстау облысының 2030 жылға дейінгі білім беруді дамыту стратегиясы әзірленді. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында бірнеше жоба іске асырылуда

Стратегия білім беру саласын басқару мен дамытудағы және өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне сәйкес озық әлемдік тәжірибені саралай отырып әзірленді. Күтілетін нәтиже – әрбір оқушының, әрбір мұғалімнің, әрбір көшбасшының және әрбір мектептің 2030 жылға дейін елдегі ең үздік өңірлік білім беру жүйелерінің ондығына кіруі – оқыту, білім беру және көшбасшылықтың үш саласын – жыл сайынғы жақсартумен дамыту арқылы.

Білім беру – өңірдің маңызды басымдықтарының бірі. Онда ұлттық кодекс сияқты құндылықтар насихатталады; әр оқушының құндылығы; сенім мен сапа; даму; денсаулық және әл-ауқат.

Сондай-ақ, біздің еліміз орындауға міндетті Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі Орнықты даму бағдарламасының басым бағыты төртінші – «Сапалы білім» болып табылатыны белгілі.

Оның негізгі қағидаты-элеуметтік мәртебесіне, денсаулығына, мүмкіндіктеріне, шығу тегіне қарамастан, ешкімді қоспағанда, білім берудің барлық деңгейлерінде тең, сапалы білім алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Орта білім берудің ғылыми дәлелденген саласының негізгі бағыттары: IQ, EQ – интеллекттің 4 түрін дамыту: эмоционалдық, рухани, физикалық; өмір бойы оқыту дағдыларын игеру; функционалдық сауаттылықты дамыту; оқушының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін ашу; тұлғалық тәрбие және тұлғаға деген көзқарас; ерте жаста кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу болып табылады.

Нәтижелер мен талқылау. Осыған орай, Маңғыстау облысы бойынша білім саласына тоқталсақ, облыста 183 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді, оның ішінде 144 күндізгі мемлекеттік мектеп (қазақ тілінде – 123, орыс тілінде – 5, аралас тілде – 16), 4 кешкі, 30 жекеменшік, 5 түзету мектебі [7].

Маңғыстау облысында табиғи өсу көрсеткіші бойынша балалар санының өсуі республикадағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады және мигранттар ағыны жоғары өңірлердің қатарына кіреді. Соңғы 5 жылда мектептердегі оқушылар саны 137 мыңнан 175 мың балаға дейін өсті (38 мың балаға өсті) [10,286.].

Жаңа оқу жылында облыс бойынша 1 сыныпқа 20 100 оқушы қабылданды (2021-2022 жж. – 18550). Орта білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі-үшжақты оқыту. Облыстың 15 мектебінде үшінші ауысымда 4235 оқушы оқиды. Оқушы орындарының тапшылығы 10251 орынды құрайды [10,36.].

Осы мәселені шешу мақсатында Ақтау қаласы мен Мұнайлы ауданында 4800 оқушыға арналған 4 мектептің құрылысы жүргізілуде. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 625 орындық 3 мектепке қосымша құрылыс жүргізілуде [11,236.].

«Жайлымектеп» ұлттық жобасы аясында 21 мектептің (22000 орын) құрылысы пайдалануға берілді:

- 2024 жылы 13 мектеп салу, яғни (Ақтау-6, Жаңаөзен-1, Бейнеу-2, Мұнайлы – 3, Маңғыстау-1),
- 2025 жылы 8 мектеп салу (Мұнайлы – 3, Ақтау – 2, Жаңаөзен – 2, Маңғыстау-1).

Сонымен қатар, биылғы оқу жылында 4570 орындық 11 жекеменшік мектеп ашылды. Білім беру сапасындағы алшақтық мәселесін шешу мақсатында ауылдық және қалалық мектептерде мынадай іс шаралар өткізіледі:

- Маңғыстау облысының 2030 жылға дейінгі білім беруді дамыту стратегиясы әзірленді;
- 30 мектепті жаңа бағыт бойынша трансформациялауды көздейтін» Маңғыстау облысының ауылдық және қалалық мектептері арасындағы алшақтықты қысқарту « жобасы іске асырылуда;
- Маңғыстау облысының білім сапасын арттыру бойынша жол картасы бекітілді;
- тәжірибе алмасу мақсатында пән мұғалімдері қауымдастығының жұмыс жоспары бекітілді.

Бүгінгі таңда білім беру сапасы мен деңгейін жан-жақты дамытатын, жаңаша ойлайтын, күнделікті жұмысында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана алатын мұғалімдер арасынан көріну – бұл әр мұғалімге жүктелген жауапкершілік.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында бірнеше жоба іске асырылуда. Атап айтқанда, мектептерде білім беру сапасын және оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, педагогтарға әдістемелік қолдау көрсету, Ақтау қ., Мұнайлы, Маңғыстау, Қарақия аудандарының жекелеген мектептерінде мектепті басқару жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтын, Назарбаев Зияткерлік мектебін, Ш. Есенов университетін және Маңғыстау гуманитарлық колледжінің әдістемелік-практикалық қолдау алаңдары жұмыс істейді [11,426.].

16 пән мұғалімдері қауымдастығының, үздік педагогтар қауымдастығының, «математикалық прогрессия», «күніне бір шот» жобалары жүйелі түрде жүргізілуде; Жаңаөзен қаласының 6 мектебінде «Білім және инновация» лицейінің тәжірибесін тарату жобасы енгізілді; «әріптестік топтарды дамыту стратегиясын қалыптастыру: ауылдық және қалалық мектептер» тәлімгерлік жобасы аясында Даму стратегиясы әзірленді 30 мектеп. «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қоры 2025 жылға дейін 50 мектепті жаңғырту бағдарламасын іске қосты.

Білімді ұрпақ-елдің болашағы. Бұл бағытта оқушылар білім сапасын арттыру үшін облыс әкімдігі тарапынан қолдау алады. Маңғыстау облысының жаңа мамандықтары мен құзыреттерінің атласы әзірленді. Оқушылар үшін кәсіптік бағдар беру платформасы әзірленді. Осы платформада жұмыс істеу үшін мектептердің кәсіптік бағдар берушілерін оқыту жүргізіледі; оқушылар арасында дарынды балаларды анықтау және қолдау мақсатында Маңғыстау облысының білім басқармасы Маңғыстау телеарнасымен бірлесіп «Жүзден жүрек» зияткерлік ойын тележобасын өткізу туралы Меморандумға қол қойды. Жергілікті «Маңғыстау» телеарнасында 11-сынып оқушыларына арналған «Жүзден жүрек» зияткерлік байқауы өткізіледі [9,36.].

Білім беру ұйымдарында ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелеріне мониторинг жүргізілді, сапасы төмен оқушыларды даярлау және қолдау бойынша жаңа жоба іске қосылды. ҰБТ дайындау мақсатында 4300 оқушыны қамтитын жеделдетілген онлайн курс ұйымдастырылды [9,76.].

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының қолдауымен Жаңаөзен қаласында «Жарқын болашақ» әлеуметтік жобасы іске асырылуда. Жоба аясында Бурабайдағы IQanat High School of Burabai мектеп-интернатының 188 студенті мен 50 оқушысы еліміздің колледждеріне қабылданды [9,36].

2023 жылдың қорытындысы бойынша Бекі ауылында 100 оқушыға және С. Шапағатов ауылында 1200 оқушыға мектеп құрылысы жүргізілуде. 2025 жылға дейін 103 ауылдық мектепті қайта жаңарту жоспарлануда. Өңірдің барлық білім беру ұйымдары бейнебақылау жүйелерімен, дабыл түймелерімен қамтамасыз етілген, жедел басқару Орталығына қосылған. Осы жылдан бастап 1-4 сыныптардың 70 мыңға жуық оқушысы және аз қамтылған отбасылардан 5-11 сыныптардың 20 мың оқушысы ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі [11,356].

Әлемде болып жатқан серпінді өзгерістер елдегі білім беру жүйесін қайта қарау қажеттігін көрсетті. Облыстық білім басқармасы осы тұрғыда 2030 жылға дейін білім беру жүйесін дамытудың өңірлік стратегиясын әзірледі. Стратегияға сәйкес білім беру жүйесін дамытудың мақсаты білім беру сапасын диагностикалау, сапаны бағалаудың жаңа рейтингтік формулаларын енгізу арқылы жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, сауатты ұрпақты тәрбиелеу болып табылады.

Стратегия білім беру саласын басқару мен дамытудағы және өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне сәйкес озық әлемдік тәжірибені саралай отырып әзірленді.

Стратегияда білім беру жүйесін дамытудың сегіз бағыты (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту; орта білім беру; қосымша білім беру; арнайы білім беру; техникалық және кәсіптік білім беру; адами капитал; білім беру саласындағы басқарудың жаңа форматы; Инфрақұрылым) басым болып табылады.

Ағымдағы жылы облыс бойынша 5 мектептің спорт алаңдары жаңғыртылды, 20 мектептің жөндеу жұмыстары аяқталды. 20 мектепте 60 кабинет (физика, химия және биология) сатып алынды қазіргі уақытта 54 кабинет толық орнатылды, 6 кабинет бойынша орнату жұмыстары жүргізілуде. 13 мектепте физика, химия, биология, робототехника, STEM зертханасының 19 кабинеті сатып алынады [10,56].

Облыс бойынша 77 білім беру ұйымы үшін 2399 қосымша бейнебақылау жүйесі сатып алынды. Облыс бойынша ағымдағы жылы 61 білім беру ұйымдарында 100 мб/с төмен емес интернетпен қамтамасыз етілді. 2023-2024 оқу жылында 624 жас маман жұмысқа қабылданды. Олардың көпшілігі-қазақ тілінде оқытатын мамандар.

Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтарды тарту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы №390 қаулысымен «қолдау шараларының тиісті пакетімен мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтарды тарту қағидаларын бекіту туралы» арнайы бағдарлама әзірленді. Арнайы бағдарлама бойынша 2022-2023 оқу жылында Маңғыстау облысына 9 педагог жұмысқа орналастырылды (Ақтау қ. – 7, Жаңаөзен қ. – 1, Түпқараған ауданы – 1) [11,156].

Маңғыстау облысы бойынша жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің саны – 20523

2023 жылы 4989 педагог біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Оның ішінде: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында 794 педагог; Маңғыстау облысы «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалының кәсіптік даму институтында 2400 педагог; «Адамның үйлесімді дамуы Ұлттық институтында» 382 педагог; «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығында» 15 педагог; ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында 156 қосымша білім беру педагогы; Ұлттық дене тәрбиесі ғылыми-практикалық орталығында 536 педагог; 250 педагог балаларды ерте дамыту институтында біліктілік курстарынан өтті (1-кесте).

1-кесте – 2023 жылы біліктілігін арттырған педагогтер бойынша ұйымдар бөлінісі

Ұйым атауы	Педагогтер саны
«НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы	794
«Өрлеу» БАҰО АҚ Маңғыстау филиалы	2 400
«Адамның үйлесімді дамуы» Ұлттық институты	382
Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ҰҒПО	15
ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру орталығы	156
Ұлттық дене тәрбиесі ғылыми-практикалық орталығы	536
Балаларды ерте дамыту институты	250

2023 жылғы 3 наурызда жалпы білім беретін мектептердің жаратылыстану-математикалық пәндерінің мұғалімдерімен халықаралық зерттеулер шеңберінде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында онлайн форматта «Заманауи білім беру» тақырыбында облыстық вебинар өтті. Вебинарға 160 мұғалім қатысты [12,86].

Вебинарда өңірдің тәжірибелі педагогтары биылғы жылы елімізде өтетін PISA және TIMSS және ICILS зерттеулерімен таныстырып, жаратылыстану-математикалық бағыттың сауаттылығы бойынша оқушылардың білім жетістіктерін бағалаудың тиімді әдістері мен әдістерімен, оқу процесінде алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдану дағдыларымен бөлісті. Біздің спикерлер Google Forms, Wordwall және т.б. ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен оқушыларды осы зерттеу тапсырмаларына дайындық жұмыстарымен таныстырды.

«Өзенмұнайгаз» «АҚ» Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қорының қолдауымен Жаңаөзен қаласының мектептерінде «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу, қала мектептері оқушыларының кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу, мектептердің материалдық-техникалық базасын жаңарту бойынша жұмыстар ұйымдастырылды [10,76].

Жобаның мақсаты: жаңа білім беру трендтері негізінде білікті педагог кадрларды жетілдіру, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие жүйесін қалыптастыру.

«Өрлеу» Біліктілікті Арттыру Ұлттық орталығы «АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты Ақтау қаласы Қарақия ауданының № 3, № 9, № 6 Жармыш жалпы білім беретін мектептерімен тәжірибе алмасу мақсатында» тәлімгерлік мектебі – «Педагогикалық шеберлік зертханасы» жобасы өткізілді.

Білім беру саласындағы IT жобаларды жетілдіру бойынша «Mediana Ltd» ЖШС Ақтау Қ. мектеп-лицейімен және I лицеймен тәжірибе алмасу үшін ынтымақтастық алаңы құрылды.

Жоба аясында Маңғыстау облысының білім басқармасы мен «Mediana Ltd» ЖШС арасында IT-білім беруді жетілдіру бойынша меморандумға қол қойылып, жобаның жұмыс жоспары әзірленді.

Жоба аясында мұғалімдер мен оқушыларға бағдарламалауды үйретеді. Оқушылар арасында стартап-жобалар мен хакатондар ұйымдастырылады.

2025 жылға дейінгі халықтың табысын арттыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде Маңғыстау облысының әкімдігі ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп өңірде «кәсіп-Болашақ» жобасын іске асыру бойынша жұмыс жүргізуде. 2022 жылдың қыркүйек-қараша айларында университет базасында үш басым сектор – туризм, білім және педагогика, мұнай-химия және химия өнеркәсібі бойынша форсайттық зерттеу жүргізілді. Зерттеуге облыстан 700-ден астам сала мамандары қатысты. Барлығы 3 сала бойынша 39 перспективалы мамандық анықталды, Облыстың кадрлық қамтамасыз етілуіне әсер ететін 41 негізгі тренд анықталды, осы салалардағы ТЖКБ ұйымдары мен облыстың жоғары оқу орындары іске асыратын бірқатар білім беру бағдарламалары жан-жақты талданды. Олардың негізінде осы мамандықтар бойынша кадрлар даярлаудың жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу жоспарлануда [13,86].

Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласында шалғайдағы елді мекендерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оңалту, әлеуметтік бейімдеу және ата-аналарға түзету көмегін алу бағытында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін шешу үшін психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті (Маңғыстау облысы әкімінің 10.10.2023 ж. № 162 қаулысы) ашылды.

ҚР Білім Министрінің 2022.12.29 №532) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы бұйрығына мемлекеттік тапсырыс мөлшерін есептеу әдістемесі бойынша («кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы» [14,116.] Білім және ғылым министрінің бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізілуіне байланысты 2023 жылғы Қазақстан Республикасы ғылымының 29 қыркүйектегі № 300 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 3 қазанда № 33498 болып тіркелді), бүгінгі күні құқықтық сараптамалық жұмыс жүргізілуде. 141 мемлекеттік мектептің 127-сінде (90%) инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалған [15,106].

Қорытынды. Сонымен, еңбек нарығында жаңа талаптардың пайда болуы қазіргі заманғы жұмыс берушілер білім беру саласы қызметкерлерінен тек кәсіби дағдыларды ғана емес, сондай-ақ цифрлық сауаттылық, проблемаларды шешу қабілеті, креативтілік және бейімделгіштік, инклюзивті ортада жұмыс жасау сияқты құзыреттерді талап етеді. Жоғарыдағы талдау, Маңғыстау облысында білім беру жүйесі мен кадрларды дайындау бағдарламаларының еңбек нарығындағы жаңа талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету және жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласын дайындауда маңызды болып табылады.

Қаржыландыру туралы мәлімет. Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім Министрлігінің Ғылым және жоғары білім комитеті қаржыландырады (грант №BR21882382).

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Чуракова, Н.И. Дополнительное профессиональное образование в системе вуза: современное состояние и перспективы развития.** [Текст] / Н.И. Чуракова // Образование и наука. – 2009. – №6 (63) – 57-65 с.

2. **Тараканова, Е.В. Компетентность как основной ориентир профессионального развития в условиях глобализации.** [Текст] / Тараканова Е.В. // Современные тенденции развития мировой социологии: Материалы международной научно-практической конференции. Прага: ООО Научно-издательский центр «Социосфера». – 2010. – 186 с.

3. Аналитическая справка к оперативной отчетности по мониторингу Плана развития Мангистауской области на 2021-2025 годы по итогам 2023 года. [Электронный ресурс]. URL: https://enic-kazakhstan.edu.kz/uploads/additional_files_items/293/file/atlas-mangistauskaya-oblast.pdf?cache=1739163998 (дата обращения 01.02.2025).
4. Что такое форсайт? [Электронды ресурс]. URL: https://www.etf.europa.eu/sites/default/files/m/CBEDCDD6F809D002C1257D97003AF73F_Foresight%20guide.pdf (жүгінген күні 01.02.2025).
5. Ладыкова, Т.И., Васильева, И.А., Завиша, Е.Н. Форсайт-технологии в прогнозировании инновационного развития региона. [Текст] / Т.И. Ладыкова, И.А. Васильева, Е.Н. Завиша // Управление экономическими системами. – 2015. – №4(76) – 32 б.
6. Воронов Ю.П. Форсайт как инструмент. [Текст] / под. ред. В.И. Суслова. – Новосибирск: ИЭОПП СО РАН. – 2010. – 212 с.
7. Balser, W. F., & Tafuro, V. Shifting Schools From Strategy to Foresight. [Text] / W. F. Balser, V. Tafuro // Advances in Educational Marketing, Administration, and Leadership Book Series. – 2024. – pp. 77-114. <https://doi.org/10.4018/979-8-3693-6220-4.ch004>.
8. Fošner, A. Foresight Methods for Sustainability in Higher Education. [Text] / A. Fošner // Management. – 2023 <https://doi.org/10.26493/1854-4231.18.51-54>.
9. RAPID FORESIGHT. Методология. 2017, версия 0.4 [Электронный ресурс]. – URL: https://xn--80aacacvtbthqmh0dxl.xn--p1ai/assets/files/documents/foresight_0.4_2017.pdf (дата обращения 10.04.2025).
10. Захаров П.Н. Стратегическое развитие университетского комплекса региона: синергетический подход: монография [Текст] / П.Н. Захаров; Владимирский государственный ун-т. – Владимир: Изд-во Владим. гос. ун-та. – 2010. – 180 с.
11. Жұмашева Д.Н. Маңғыстау облысы: Аймақтағы білім сапасын арттыруға бағытталған жобалар. 28 ақпан 2023. [Электронды ресурс]. – URL: <https://bilimdinews.kz/?p=229808> (жүгінген күні 10.04.2025).
12. Орта білім. Маңғыстау облыстық білім басқармасының сайты. 27 қазан 2022. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-edu/documents/details/362584?ysclid=mawvmrwe5q239021345> (жүгінген күні 10.04.2025).
13. Маңғыстау облысының 2023-2029 жылдарға арналған білім беру жүйесін дамыту бойынша Аймақтық жол картасы. 08 қаңтар 2024. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-edu/documents/details/580748?ysclid=mawvvgf3tg267226925> (жүгінген күні 11.04.2025).
14. Қуатты өңірлер – қуатты ел: Маңғыстау облысы, 2023 ж. Бүкіләлемдік ауқымдағы перспективалы жобалар. 26 желтоқсан 2023. [Электронды ресурс]. – URL: <https://ortcom.kz/kk/region-news/1703580113> (жүгінген күні 11.04.2025).
15. Маңғыстау облысын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламасы. 18 қаңтар 2021. [Электронды ресурс]. – URL: https://www.gov.kz/uploads/2021/12/24/d93dbc6a301db07dff9e16b21c4e5e19_original.1055868.pdf (жүгінген күні 11.04.2025).
16. ҚР Білім Министрінің 2022.12.29 №532 мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары. [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031505> (жүгінген күні 11.05.2025).
17. Маңғыстау облысының білім бөлімінің есептері. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-edu?lang=kk> (жүгінген күні 19.05.2025).

REFERENCES:

1. Churakova N.I. Dopolnitel'noe professional'noe obrazovanie v sisteme vuza: sovremennoe sostoyanie i perspektivy razvitiya [Continuing professional education within the university system: Current state and development prospects]. *Obrazovanie i nauka*, 2009, no. 6 (63), pp. 57-65 (In Russian)
2. Tarakanova E.V. Kompetentnost' kak osnovnoj orientir professional'nogo razvitiya v usloviyah globalizacii [Competence as a key reference point for professional development in the context of globalization]. *Sovremennyye tendencii razvitiya mirovoj sociologii: Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii*, Praga, OOO Nauchno-izdatel'skij centr «Sociosfera», 2010, 186 p. (In Russian)
3. Analiticheskaya spravka k operativnoj otchetnosti po monitoringu Plana razvitiya Mangistauskoj oblasti na 2021-2025 gody' po itogam 2023 goda [Analytical report on the operational monitoring of the Mangystau region development plan for 2021–2025, based on 2023 results]. Available at: https://enic-kazakhstan.edu.kz/uploads/additional_files_items/293/file/atlas-mangistauskaya-oblast.pdf?cache=1739163998 (accessed 01 February 2025). (In Russian)
4. Chto takoe forsajt? [What is Foresight?]. Available at: https://www.etf.europa.eu/sites/default/files/m/CBEDCDD6F809D002C1257D97003AF73F_Foresight%20guide.pdf (accessed 01 february 2025) (In Russian).

5. Ladykova T.I., Vasileva I.A., Zavisha E.N. **Forsajt-tehnologii v prognozirovanii innovacionnogo razvitiya regiona** [Using foresight technologies in forecasting the innovative development of a region]. *Upravlenie e'konomicheskimi sistemami*, 2015, no. 4(76), 32 p. (In Russian)
6. Voronov Yu.P. **Forsajt kak instrument** [Foresight as a tool]. Novosibirsk, IE'OPP SO RAN, 2010, 212 p. (In Russian)
7. Balser, W.F., Tafuro V. **Shifting Schools from Strategy to Foresight**. *Advances in Educational Marketing, Administration, and Leadership Book Series*, 2024, pp.77–114. <https://doi.org/10.4018/979-8-3693-6220-4.ch004>.
8. Fošner A. **Foresight Methods for Sustainability in Higher Education**. *Management* 2, 2023, no. 18, pp. 51–54. <https://doi.org/10.26493/1854-4231.18.51-54>.
9. **Rapid Foresight. Metodologiya. 2017, versiya 0.4** [RAPID FORESIGHT. Methodology. 2017, version 0.4]. Available at: https://xn--80aacacvtbthqmh0dxl.xn--p1ai/assets/files/documents/foresight_0.4_2017.pdf (accessed 10 April 2025). (In Russian)
10. Zaharov P.N. **Strategicheskoe razvitie universitetskogo kompleksa regiona: sinergeticheskij podhod: monografiya** [Strategic development of the regional university complex: a synergetic approach: monograph]. Vladimirskij Gosudarstvennyj Universitet, Vladimir, Izdatel'stvo Vladimirskogo Gosudarstvennogo Universiteta, 2010, 180 p. (In Russian).
11. Zhymasheva D.N. **Mangystau oblysy: Ajmaktagy bilim sapasyn arttyruga bagytalghan zhobalar** [Mangystau region: projects aimed at improving the quality of education in the region]. 2023, available at: <https://bilimdine.kz/?p=229808> (accessed 10 April 2025). (In Kazakh)
12. **Orta bilim** [Secondary Education]. 2022, available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-edu/documents/details/362584?ysclid=mawvmrwe5q239021345> (accessed 10 April 2025). (In Kazakh)
13. **Mangystau oblysynyn 2023-2029 zhyldarga arналган bilim beru zhyjesin damytu bojynsha Ajmakyk zhol kartasy** [Regional roadmap for the development of the education system in mangystau region for 2023–2029]. 2024, available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-edu/documents/details/580748?ysclid=mawvvgf3tg267226925> (accessed 11 April 2025). (In Kazakh)
14. Kuatty onirler – kuatty el: **Mangystau oblysy, 2023 zh. Bukilalemdik aukymdaghy perspektivaly zhobalar** [Strong Regions – strong country: Mangystau region, 2023. Globally promising projects]. 2023, available at: <https://ortcom.kz/kk/region-news/1703580113> (accessed 11 April 2025). (In Kazakh)
15. **Mangystau oblysyn damytudyn 2021-2025 zhyldarga arналган bagdarlamasy** [Development program of the Mangystau region for 2021–2025]. 2021, available at: https://www.gov.kz/uploads/2021/12/24/d93dbc6a301db07dff9e16b21c4e5e19_original.1055868.pdf (accessed 11 April 2025). (In Kazakh)
16. **KR Bilim Ministrinin 2022.12.29 №532 mumkindigi shekteuli balalary arнаjy psihologiyalyk-pedagogikalyk koldaуa arналган memlekettik bilim beru tapsyrysyn ornalastyru kagidalary** [Order no. 532 of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated December 29, 2022: Rules for placing the state educational order for special psychological and pedagogical support for children with disabilities]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031505> (accessed 11 May 2025). (In Kazakh)
17. **Mangystau oblysynyn bilim boliminin esepteri**. [Reports of the Mangystau regional department of education]. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-edu?lang=kk> (accessed 19 May 2025). (In Kazakh).

Авторлар туралы мәліметтер:

Егенисова А.Қ.* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қ., 19а-32/1-67, тел.:87021237780, e-mail: Almazhai66@mail.ru.

Жарылгасова П.Е. – магистр, Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қ., 19-33-117, тел.:87016176774, e-mail: peruza.zharylgassova@yu.edu.kz.

Шарипова А.Б. – PhD докторант, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қ., 32а-1-37, тел.:87715711275, e-mail: aigerim1.sharipova@yu.edu.kz.

Карленов Д. – магистр, Дене тәрбиесі және спорт кафедрасының оқытушысы, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қ., 17-97/1-29, тел.:87073621997, e-mail: duisenbek.karlenov@yu.edu.kz.

Егенисова А.К.* – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, 130000, г. Актау, 19а-32/1-67, тел.:87021237780, e-mail: Almazhai66@mail.ru.

Жарылгасова П.Е. – магистр, старший преподаватель кафедры педагогики, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, 13000, г. Актау, 19-33-117, тел.: 87016176774, e-mail: peruza.zharylgassova@yu.edu.kz.

Шарипова А.Б. – докторант PhD, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, 130000, г. Актау, 32а-1-37, тел.: 87715711275, e-mail: aigerim1.sharipova@yu.edu.kz.

Карленов Д. – магистр, преподаватель кафедры физической культуры и спорта, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, 13000, г. Актау, 17-97/1-29, тел.: 87073621997, e-mail: duisenbek.karlenov@yu.edu.kz.

Yegenissova A.K.* – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of pedagogy, Sh.Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Republic of Kazakhstan, Aktau, 130000, 19a-32/1-67, tel.: 87021237780, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Zharylgassova. P.Y. – Master, Senior Lecturer of the Department of pedagogy, Sh.Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Republic of Kazakhstan, Aktau, 130000, 19-33-117, tel.: 87016176774, e-mail: peruza.zharylgassova@yu.edu.kz.

Sharipova A.B. – PhD candidate, Sh.Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Republic of Kazakhstan, Aktau, 130000, 32a-1-37, tel.: 87715711275, e-mail: aigerim1.sharipova@yu.edu.kz.

Karlenov D. – Master, Lecturer of the Department of physical education and sport, Sh.Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Republic of Kazakhstan, Aktau, 130000, 17-97/1-29, tel.: 87073621997, e-mail: duisenbek.karlenov@yu.edu.kz.

XFTAP 14.25.09

ӨОЖ 372.851

<https://doi.org/10.52269/KGTD2532116>

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ПРОБЛЕМАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ АРҚЫЛЫ ДАМУ

Ерматов Ш.Р.* – PhD докторант, Физика-математика факультеті, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Ибрагимов Р. – педагогика ғылымдарының докторы, Математика кафедрасының профессоры, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада дарынды оқушылардың шығармашылық белсенділігін проблемалық есептерді шешу арқылы дамыту жолдары қарастырылады. Зерттеу барысында оқушылармен бірлесе орындалатын проблемалық есептерге негізделген жобалық жұмыстардың шығармашылық белсенділікке тигізетін әсері талданады. Осыған байланысты бірқатар зерттеу міндеттері шешілген: зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми-әдістемелік еңбектерге талдау жүргізіліп, проблемалық есептердің мазмұны мен маңыздылығы ашылып көрсетілді. Проблемалық есептерді жобалау әдісін қолдану арқылы оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ету және олардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыру мүмкіндіктері айқындалды. Зерттеу барысында әдеби шолу, салыстырмалы талдау, жалпылау, модельдеу, жобалау, бақылау, сауалнама және педагогикалық эксперимент әдістері қолданылды. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін бағалау үшін қолданылған критерийлер мен деңгейлік көрсеткіштер жүйеленіп берілген. Эксперимент нәтижелері негізінде оқушылардың шығармашылық белсенділігінің даму деңгейіне талдау жүргізілген. Сонымен қатар, дарынды оқушылардың әлеуетін ашуда ата-аналар мен пән мұғалімдерінің қолдауын күшейтудің, сондай-ақ оқушылар жетістіктерін мадақтаудың маңыздылығы атап өтіледі. Ұсынылып отырған әдістемелік тәсілдер дарынды оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, білімге деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерінің артуына ықпал ететіндігі нақты практикалық мысалдар арқылы негізделеді. Дарынды оқушылар мектептерінде проблемалық есептер банкі құру, пән мұғалімдері үшін арнайы тренингтер ұйымдастыру сияқты ұсыныстар берілген.

Түйінді сөздер: дарынды оқушылар, шығармашылық белсенділік, проблемалық есептер, математика, жобалау әдісі.